Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 4 қазан №4712-24-00-2/3514 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Отпан" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"ГосТрейд Казахстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Отпан" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жауапкер "ГосТрейд Казахстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

"ГосТрейд Казахстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"ГосТрейд Казахстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «ОТПАН» МКҚК
КІРІС № 24/1
«24» 02 2025 ж

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Сот өндірісі
Судопроизводство
Ақпараттық жүйесі
Информационная система «Төрелік»
Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 04.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2024, судья Борашева А. А., 17.11.2024
4712-24-3-1/3249